

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.4 - С.198-201

ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР ТҮРЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ЖІКТЕМЕЛЕРІНЕ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ

Мүтәл Жібек Алмасханқызы

Андатпа: Мақалада ғылыми жарияланымдардың түрлері және ғылыми жарияланымдардың сапалық, сандық көрсеткіштерін анықтау мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы ғылыми басымдылық бағыттары және жіктемесі анықталды.

Кілттік сөздер: ғылыми жарияланым, Hirsch индексі, монография, тезис.

Ғылыми жұмыс кез келген басқа мақсатқа қарағанда - жаңа ғылыми білім алумен ерекшеленеді. Бұл жұмыстың барысында шындықтың объективті білімі дамыған және теориялық жүйелендірілген. Ғылыми жұмыс, бірінші кезекте, қатаң жоспарланған іс-шаралар болып табылады. Кездейсоқ жаңалықтар ғылымда белгілі болғанымен, тек жоспарланған, жақсы жабдықталған ғылыми зерттеулер табиғат пен қоғамдағы объективті заңдарды табуға және терең түсінуге мүмкіндік береді. Ғылыми жарияланымдардың көптеген түрлері бар:

- білім және ғылым бөлімінің комитеті ұсынған журналдардағы жариялымдар;
- конференция материалдарындағы жариялымдар;
- индекстелген журналдардағы жариялымдар;
- басқа басылымдар;
- патенттер, авторлық куәлік;
- монография;
- оқулықтар мен оқулық құралдары;
- тезистер және т.б.

Білім және ғылым бөлімінің комитеті ұсынған жариялымдарда - әр түрлі салаларға байланысты журналдарға шығатын мақалаларды айтады [1].

Ғылым дамуының басымдылық аумағындағы ғылыми зерттеулердің тақырыптары бойынша Қазақстан Республикасы ғылымындағы басымдылық бағыттары кесте 1-де көрсетілген,

Кесте 1.

Қазақстан Республикасы ғылымындағы басымдылық бағыттары

Ғылым атауы	Ғылыми зерттеулер	Бағыттары
Табиғи қорларды зерделі пайдалану, шикізатты өндеу қолданбалы ғылыми зерттеулер	минералды-шикізат базасы мен су қорларын толтыру тәсілдері мен технологиясы	пайдалы қазбаларды игеру технологиясы
		шикізат пен өнімдерді қайта өндіру технологиясы
		жаңа материалдарды алу технологиясы
		экология мен табиғатты зерделі пайдалану мәселелері
		берілген ерекшеліктер жиынтығы бар көп қызметті материалдарды алудың теоретикалық негіздері
	іргелі ғылыми зерттеулер	көмірсу шикізатын қайта өндіру мен табиғатты тиімді пайдаланудың теоретикалық негіздері
		шикізат пен өнімді өндеу аумағында ғылыми зерттеулер

Кесте 1 жалғасы

		Қазақстанды қоршаған ортаның тиімді экологиялық жағдайын қамтамасыз ету және табиғатты рационалды пайдалану
Энергетика және машинақұрастыру	қолданбалы ғылыми зерттеулер	қуаттың жаңаратын және альтернативті көзі және өнеркәсіптік пен тұрмыс қалдықтарын энергетикалық пайдалану
		жылу және электроэнергетика және энерго тиімді технологиялар
		ядерлы және сутектік энергетика
		энергетикалық сектордың қоршаған ортаға ықпалы
		энергетикалық және автомобильді машинақұрастыру
		ауылшаруашылық және өндіріс машинақұрастыру
		мұнай газдық машина жасау
		таулы-кен және металлургиялық машина жасау
	машина жасау, автоматизация және робототехника	
	іргелі ғылыми зерттеулер	қуат және машина жасау аумағындағы іргелі ғылыми зерттеулер
		ақпараттық технологиялар

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар	қолданбалы ғылыми зерттеулер	телекоммуникациялық жүйелер және технологиялар
		интеллектуалды жүйелер және технологиялар
		ақпараттық-техникалық кешендер және жүйелер
		геоақпараттық жүйелер мен технологиялар
		зияткерлік робототехникалық жүйелер
		ғылым және білім беру үрдісіндегі қазіргі ақпараттық технологиялар
	іргелі ғылыми зерттеулер	ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар аумағындағы іргелі ғылыми зерттеулер
		технологиялық үрдістерді математикалық үлгілеудің теоретикалық негіздері
Өмір туралы ғылым	қолданбалы ғылыми зерттеулер	қартаю мен адам өмірін ұзарту мәселелерін шешуге арналған жаңа технологиялар
		тірі жүйелердің молекулярлы, биохимиялық, ағзалық негіздері
		өсімдіктер мен жануарлардың тұрақталуы мен өнімділігін арттырудың ғылыми негіздері

Кесте 1 жалғасы

		өсімдіктер мен жануарлардың тұрақталуы мен өнімділігін арттырудың ғылыми негіздері
		медицина мен ауыл шаруашылығына қажет жаңа биопрепараттар, биомедицина және гендік инженерияның дамуы.
	іргелі ғылыми зерттеулер	химия мен биология аумағындағы іргелі зерттеулер
Мемлекеттің зияткерлік әлеуеті	әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық аумақтағы іргелі зерттеулер	экономиканың бәсекеге қабілетті өндірісінің дамуының әлеуметтік-экономикалық жағдайларын зерттеу
		қазіргі жағдайдағы еліміздің әлеуметтік және экономикалық саясатын іске асыру аумағындағы зерттеулер
		пәнаралық зерттеулер және әлеуметтік пен қоғамдық гуманитарлық ғылымдардың актуалды мәселелері
		табиғи-ғылыми аумақтағы іргелі зерттеулер
		математика, механика, физика аумағындағы іргелі зерттеулер

Ғылыми конференция - бұл зерттеушілер өз жұмысын ұсынып, талқылайтын ғылыми қызметтің ұйымдастырылу түрі. Әдетте алдын-ала (ақпараттық хатта немесе плакатта) конференцияның тақырыбы, уақыты мен орны туралы есеп беріледі. Содан кейін баяндамалардың тезистері мен кейде ұйымдық журналдар жинағы басталады. Өз мәртебесі бойынша ғылыми конференция

ғылыми семинар мен съезд арасында арнайы лауазымға ие. Ғылыми конференциялар жіктемесі:

- Қазақстандық конференциялар;
- жақын шетелдік (ТМД елдері) конференциялар;
- алыс шетелдік конференциялар.

H-индексі немесе Hirsch индексі - бастапқыда физиктердің ғылыми өнімділігін бағалау үшін Сан-Диегода Калифорния университетінің аргентиналық-американдық физик Хорхе Хирш ұсынған ғылымиметриялық көрсеткіші. Хирш индексі - бұл ғылыми басылымдардың саны мен осы басылымдардың санын негізге ала отырып, ғалымдардың, ғылыми ұйымның немесе тұтастай елдің өнімділігінің сандық сипаттамасы. Индекс Хиршаны бақылаудың түрлері: scopus; j-core; томсон рейтерс; ринц; басқалар [2].

Патент (лат. patents – ашылым) - [мемлекеттің](#) жеке адамға (фирмаға) беретін және ол өнертапқыштықты белгілі бір мерзім ішінде пайдалануына ерекше құқықты мойындауды қамтамасыз ететін құжат.

Авторлық куәлік - ғылым, әдебиет және өнер шығармаларын жасаумен және пайдаланумен (басып шығару, орындау және т.б.) байланысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқық бөлімі. Авторлық құқықты қорғау ұлттық құқықпен және халықаралық конвенциялармен реттеледі. Құқықты калпына келтіру, сондай-ақ келтірілген залалды өтеу туралы талап арыздың көмегімен, бұзылған құқықтарды қорғау, сотта істі қарау тәртібімен жүзеге асырылады.

Монография (грекше *monos* – біртұтас, *grapho* – жазу) – белгілі бір тақырыпты жан-жақты зерттейтін ғылыми еңбек. Онда нақты сала бойынша күрделі мәселе мақсатты түрде сөз етіліп, оның дамуына ықпал ететін ой-пікірлер айтылады. Монографияны жеке қаламгер шығармашылығына немесе жалпы ауқымды мәселеге арнап бір кейде бірнеше зерттеуші бірігіп жазуы мүмкін. Монографиялық еңбек библиография көрсеткіштерімен, жылнамалық тізімімен, ескертпе-түсініктерімен толықтырылады. Мұндай еңбектерде бірнеше мәселе қамтылып, тақырып әр қырынан баяндалады.

Тезис – бұл дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын тұжырымдама-пайымдаулар. Тезистің басты ерекшелігі ұсынылатын дәйектерге дәлелдер келтірілуі тиіс. Негізгі тезистер - дерек көзінің мазмұнын жалпылайтын басты тұжырымдамалар. Мұндай тезистерден кейбір жағдайда материалдардың мазмұнын тұтастай айқындайтын жеке жазбалар жасалады. Қарапайым тезистер – бұл басты ой-пайымдаулар, кейде конспектінің, рефераттың құрамдас бөлігі ретінде енгізіледі. Кез келген еңбекте, оның

әрбір бөлімдерінде қарапайым тезистер көбірек кездеседі. Күрделі тезистер - негізгі және қарапайым тезистер қатар қолданылатын, ойды бекітудің пайдалы және жетілген түрі. Дәйексөз тезистері - тезистердің бір бөлігі дәйексөз ретінде келтірілуі мүмкін. Мұндай әдісті әртүрлі көзқарастарды салыстыру үшін пікір, аннотация жазғанда қолданады [2].

Мақалада қазіргі кезде ғылыми жариялымдардың ғалымдардың қызметіндегі өзектілігі, ғылыми жарияланым түрлері мен жіктемелері зерттелген.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Ғылыми мақалаларды тіркеу және бақылау жүйесінің ақпараттық қамтамасын жобалау». Жастар шығармашылығы – Қазақстанның инновациялық дамуына. – Өскемен. – 2019 ж. – IV б. – 153-158 б. Мүтәл Ж. А., Увалиева И. М.

2. Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006939#z16>